



**2023 жылғы 14 тамызға (көпшілік құрам
болмай қалған жағдайда - 2023 жылғы
15 тамызға) тағайындалған
«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері кезектен тыс
жалпы жиналысының материалдары**

Астана қ.,
2023 ж.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ
МӘЖІЛІСІНІҢ ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

№ 9/2023 пункт 20

Астана қаласы

ВЫПИСКА ИЗ ПРОТОКОЛА
ЗАСЕДАНИЯ СОВЕТА ДИРЕКТОРОВ

«30» маусым 2023 ж./г.

город Астана

**«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы
жиналысын шақыру туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі **ШЕШТІ:**

20.1. «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысы 2023 жылғы 14 тамызға келесі күн тәртібімен шақырылсын және қатысу тәртібімен (шешімдер қатысу тәртібімен дауыс беру арқылы қабылданады) өткізілсін:

1) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы;

2) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде оның төрағасын сайлау туралы;

3) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы;

4) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізу туралы.

20.2. «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев осы шешімді іске асыру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

Корпоративтік хатшы



Шманов

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус
Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен
бұрын тоқтату туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібін және ұсынылған материалдарды қарастыра отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылсын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2023 жылғы «__» _____
№ _____ шешімі жобасына
қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы «ҚазТрансОйл» АҚ-тың түсіндірме жазбасы

Астана қ.

2023 жылғы «__» _____

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату.

2. Экономикалық әсері

Қарастырылмаған.

3. Жүргізілген сараптама туралы ақпаратты аша отырып (қаржылық, заңдық, техникалық), Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселенің қысқаша сипаттамасы

Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының 2021 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№3/2021 хаттама) өкілеттік мерзімі 3 жыл 6 адамнан тұратын Қоғам Директорлар кеңесінің құрамы айқындалды, сондай-ақ Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы сайланды.

Қазіргі уақытта Қоғам Директорлар кеңесінің 6 мүшесінен өз өкілеттіктерін тек 3 тәуелсіз директор жүзеге асырады – Агостини Винишиус Алвес, Мартинес Лопес Альберто, Фрейсине Адриан және Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілдері, М.К. Орманов пен М.А. Оразбековтің өкілеттіктері олардың бастамасы бойынша (сәйкесінше 2023 жылғы 17 шілдеден бастап және 2023 жылғы 15 шілдеден бастап) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабы 4-тармағына сәйкес *(Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесінің жазбаша хабарламасы негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі, егер хабарламада Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған күні көрсетілмесе, Директорлар кеңесі көрсетілген хабарламаны алған сәттен бастап тоқтатылады)* Директорлар кеңесіне берген жазбаша хабарламалары негізінде тоқтатылды.

Қоғамның ірі акционері болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2023 жылғы 29 маусымдағы №23/5342 хатпен Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды ұсынды, оның шешімдері қатысу тәртібімен дауыс беру арқылы қабылданады және Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвес және Мартинес Лопес Альберто өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселені Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне енгізуді ұсынды.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату ұсынылады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Агостини Винишиус Алвес және Мартинес Лопес Альберто Қоғам Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату мәселесі бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келеді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда пайда болатын негізгі мәселелер, тәуекелдер, мүмкін болатын салдарлар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір мәселелер мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

Директорлар кеңесінің мүшесі

 Т. Құрманбаев

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде
төрағасын сайлау туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібін және ұсынылған материалдарды қарастыра отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

1. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі үшін жалпы белгіленген мерзімге «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелері болып сайлансын:

- 1) Закиров Булат Қалауияұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- 2) Қасымбек Ардақ Махмұдұлы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;
- 3) Құсайынов Қазбек Қайнарбекұлы – тәуелсіз директор;
- 4) Миллер Тимоти Глен – тәуелсіз директор.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болып Булат Қалауияұлы Закиров сайлансын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2023 жылғы «__» _____
№ _____ шешімі жобасына
қосымша

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерін,
оның ішінде оның төрағасын сайлау туралы мәселе бойынша
түсіндірме жазба**

Астана қ.

2023 жылғы «__» _____

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде оның төрағасын Қоғам Директорлар кеңесі үшін жалпы белгіленген мерзімге сайлау.

2. Экономикалық әсері

Қарастырылмаған.

3. Жүргізілген сараптама туралы ақпаратты аша отырып (қаржылық, заңдық, техникалық), Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселенің қысқаша сипаттамасы

Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде оның төрағасын сайлау (қайта сайлау) Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының 2021 жылғы 25 қарашадағы шешімімен (№3/2021 хаттама) өкілеттік мерзімі 3 жыл 6 адамнан тұратын Қоғам Директорлар кеңесінің құрамы айқындалды, сондай-ақ Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері, оның ішінде Директорлар кеңесінің төрағасы сайланды.

Қазіргі уақытта Қоғам Директорлар кеңесінің 6 мүшесінен өз өкілеттіктерін тек 3 тәуелсіз директор жүзеге асырады – Агостини Винишиус Алвес, Мартинес Лопес Альберто, Фрейсине Адриан және Қоғам бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев. Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) өкілдері, сондай-ақ Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы болған М.К. Ормановтың және М.А. Оразбековтің өкілеттіктері олардың бастамасы бойынша (сәйкесінше 2023 жылғы 17 шілдеден бастап және 2023 жылғы 15 шілдеден бастап) «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабы 4-тармағына сәйкес Директорлар кеңесіне берген жазбаша хабарламалары негізінде тоқтатылды.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде, сондай-ақ Қоғам Акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының қарауына Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері Агостини Винишиус Алвестің және Мартинес Лопес Альбертоның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату туралы мәселе шығарылғанын назарға ала отырып, Қоғам Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін, оның ішінде оның төрағасын Қоғам Директорлар кеңесі үшін жалпы белгіленген мерзімге сайлау қажет.

Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының шешімімен бекітілген (2018 жылғы 24 мамырдағы №1/2018 хаттама) «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің 16-тармағына сәйкес акционер Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидаттарды ұсынуға құқылы, олардың саны Директорлар кеңесінің сандық құрамынан аспауы тиіс, бұл ретте мұндай ұсыныстар күн тәртібіне Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы мәселе енгізілген Акционерлер жалпы жиналысын өткізу туралы акционерлерге хабарланған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде келіп түсуі тиіс.

Қоғамның ірі акционері болып табылатын ҚМГ 2023 жылғы 5 шілдедегі №23/5550 хатымен Қоғам Директорлар кеңесінің құрамына сайлау үшін мына кандидатураларды ұсынды: ҚМГ өкілдері – Булат Қалауияұлы Закиров және Ардақ Махмудұлы Қасымбек, тәуелсіз директорлар – Қазбек Қайнарұлы Құсайынов және Тимоти Глен Миллер. Сондай-ақ, ҚМГ Б.Қ. Закировті Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы етіп сайлауды ұсынды. Бұл ретте, Б.Қ. Закиров ҚМГ жұмыскері болып табылатынын, А.М. Қасымбек ҚМГ жұмыскері болып табылмайтынын айта кеткен жөн.

Қоғам Директорлар кеңесі «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі туралы ереженің 18-тармағына сәйкес Директорлар кеңесіне мүше болуға кандидаттардың тізімін қалыптастырып, оны кейіннен Қоғам Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің түйіндемелерімен, бағаларымен және ұсынымдарымен бірге Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына жібереді.

Қоғам Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитеті Қоғам Директорлар кеңесіне мүшелікке келесі кандидаттардың тізімін қалыптастыру ұсынымын әзірледі (2023 жылғы 14 шілдедегі №4/2023-КНВ сырттай отырыс шешімі):

Закиров Булат Қалауияұлы – ҚМГ өкілі;
Қасымбек Ардақ Махмудұлы – ҚМГ өкілі;
Құсайынов Қазбек Қайнарбекұлы – тәуелсіз директор;
Миллер Тимоти Глен – тәуелсіз директор.

Қоғам Директорлар кеңесі жоғарыда көрсетілген Қоғам Директорлар кеңесінің Тағайындаулар мен сыйақылар жөніндегі комитетінің ұсынымын мақұлдады және Қоғам Директорлар кеңесіне мүшелікке кандидаттардың тізімін қалыптастырды (2023 жылғы 14 шілдедегі №10/2023 отырыс хаттамасы).

Осыған байланысты Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғам Директорлар кеңесі үшін жалпы белгіленген мерзімге Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері етіп төмендегілерді сайлау ұсынылады:

Закиров Булат Қалауияұлы – ҚМГ өкілі;

Қасымбек Ардақ Махмұдұлы – ҚМГ өкілі;

Құсайынов Қазбек Қайнарбекұлы - тәуелсіз директор;

Миллер Тимоти Глен – тәуелсіз директор.

Сондай-ақ, Б.Қ. Закировті Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы етіп сайлау ұсынылады.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 3-тармағына сәйкес Директорлар кеңесінде бір орынға бір кандидат сайлауға түсетін жағдайды қоспағанда, акционерлер Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлауды дауыс беруге арналған бюллетеньдерді пайдалана отырып, кумулятивтік дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

Қоғам Директорлар кеңесінде сайлауға бір орынға бір кандидат түскенін назарға ала отырып, дауыс беру «бір акция – бір дауыс» қағидаты бойынша жүзеге асырылады.

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар туралы ақпарат Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібіндегі осы мәселе бойынша қоса берілген резюмеде ұсынылған.

Қоғам комплаенс-бақылау қызметінің қорытындысына сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттарды сайлау кезінде мүдделер қақтығысы туындамайды.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелерін, оның ішінде төрағасын сайлау туралы мәселе бойынша шешім қабылдау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда пайда болатын негізгі мәселелер, тәуекелдер, мүмкін болатын салдарлар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір мәселелер мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

Директорлар кеңесінің мүшесі

 Д. Құрманбаев

«ҚазТрансОйл» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі Аты Әкесінің аты

Закиров Булат Қалауияұлы

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

3. Білімі туралы мәлімет (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):

Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, Алматы қ.,

Мамандығы: халықаралық валюталық-қаржылық қатынастар

1993-1997 жж.

Данди қ. университет (Ұлыбритания),

Энергетика саласындағы ғылым магистрі

1997-1998 жж.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үлестестігі туралы мәлімет:

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 64-бабы 1-тармағының 3) тармақшасы негізінде «ҚазТрансОйл» АҚ-тың үлестес тұлғасы болып табылады

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқаратын лауазымдары туралы мәлімет:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

Басқарма төрағасының орынбасары

2023 - қазіргі уақытта

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының

«Сарыарқа» газ құбырының мұнай тасымалдау,

халықаралық жобалары және құрылысы жөніндегі орынбасары

2022 – 2023 жж.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

мұнай тасымалдау басқармасының

бастығы

2020 – 2022 жж.

6. Өзіне тиесілі акциялардың, осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерінің және/немесе пайларының санын көрсете отырып, кандидат акционері және/немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың тізбесі:

Жоқ

7. Кандидаттың «ҚазТрансОйл» АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәлімет:

«КҚК-Р» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәлімет (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәлімет және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәлімет:

Соттылығы жоқ

9. Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәлімет:

Келісімі бар

10. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иелену:

Иелік етпейді

«ҚазТрансОйл» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі Аты Әкесінің аты
Қасымбек Ардақ Махмұдұлы

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

3. Білімі туралы мәлімет (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):
*Әл-Фараби атындағы университет, Алматы қ.,
Халықаралық экономикалық қатынастар
саласында (ХЭО), бакалавр (1998) және
магистр (2000) дипломы, үздік* *1994-2000 жж.*

*Business School of City University, Лондон қ.
MSc in Banking and International Finance,
магистр дипломы* *2000-2001 жж.*

*Institute of Directors (IOD), Мәскеу қ.
Certificate in Company Direction (International)* *2017 ж.*

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үлестестігі туралы мәлімет:
Жоқ

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқаратын лауазымдары туралы мәлімет:
*Директорлар кеңесінің
(жалғыз акционердің өкілі)/Байқаушы кеңесінің мүшесі
«ҚТЖ – Жүк тасымалы» ЖШС
«ҚТЖ – Экспресс» АҚ
«Кедентрансервис» АҚ* *2021 -2023 жж.*

*«KazCloud» ЖШС Байқаушы кеңесінің мүшесі
(«Самұрық-Қазына» АҚ өкілі)* *2021 – 2022 жж.*

6. Өзіне тиесілі акциялардың, осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерінің және/немесе пайларының санын көрсете отырып, кандидат акционері және/немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың тізбесі:
«Проталент шығармашылық орталығы» ЖШС, 100%

7. Кандидаттың «ҚазТрансОйл» АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәлімет:

Жоқ

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәлімет (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп таңуы туралы мәлімет және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәлімет:

Соттылығы жоқ

9. Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәлімет:

Келісімі бар

10. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иелену:

Иелік етпейді

«ҚазТрансОйл» АҚ
Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидат туралы ақпарат

1. Тегі Аты Әкесінің аты

Құсайынов Қазбек Қайнарбекұлы

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

3. Білімі туралы мәлімет (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):

Халықаралық бизнес университеті, Алматы қ.,

Халықаралық экономикалық қатынастар (ХЭҚ), экономист *1998-2002 жж.*

Қазақ ұлттық техникалық университеті, Алматы қ.,

Мұнай және газ кен орындарын игеру,

тау-кен инженері - мұнайшы

2002-2005 жж.

Сколково Мәскеу басқару мектебі,

Мәскеу қ., Шанхай. Сан-Франциско

Executive MBA

2016-2018 жж.

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үлестестігі туралы мәлімет:

Үлестес емес

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқаратын лауазымдары туралы мәлімет:

«Бүгін Холдинг» ЖШС

Байқаушы кеңесінің төрағасы

6. Өзіне тиесілі акциялардың, осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерінің және/немесе пайларының санын көрсете отырып, кандидат акционері және/немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың тізбесі:

Жоқ

7. Кандидаттың «ҚазТрансОйл» АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәлімет:

Жоқ

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәлімет (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе

коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәлімет және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес көрсетілген қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәлімет:

Соттылығы жоқ

9. Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәлімет:

Келісімі бар

10. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иелену:

Иелік етпейді

**«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директоры
лауазымына кандидат туралы ақпарат**

1. Тегі Аты Әкесінің аты

Миллер Тимоти Глен

2. Кандидатты ұсынатын акционердің атауы:

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ

3. Білімі туралы мәлімет (оқу орнының атауы, бітірген күні, алған мамандығы, оның ішінде біліктілігін арттыру туралы):

Техас технологиялық университеті - Лаббок, Техас штаты, АҚШ

1982 ж. – машина жасау саласындағы ғылым бакалавры

4. «ҚазТрансОйл» АҚ-қа үлестестігі туралы мәлімет:

Үлестес емес

5. Соңғы үш жылдағы жұмыс орындары мен атқаратын лауазымдары туралы мәлімет:

Атқарушы директор - Қазақстан Республикасы және Халықаралық операциялар жөніндегі аға кеңесші - Integrated Global Services (IGS) – Ричмонд, Вирджиния штаты, АҚШ/2019ж. мамыр - қазіргі уақытта

Директорлар кеңесі – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – Нұр-Сұлтан, Қазақстан – 2020ж. тамыз – 2023ж. мамыр

Директорлар кеңесі – «Қазақстан Каспиан Оффшор Индастриз» ЖШС (ҚКОИ) - 2022ж. қараша - қазіргі уақытта

Директорлар кеңесі - PSI-Clough Joint Venture, Алматы, Қазақстан - 2020ж. сәуір - 2022ж. желтоқсан

6. Өзіне тиесілі акциялардың, осы заңды тұлғалардың жарғылық капиталындағы үлестерінің және/немесе пайларының санын көрсете отырып, кандидат акционері және/немесе қатысушысы болып табылатын заңды тұлғалардың тізбесі:

Жоқ

7. Кандидаттың «ҚазТрансОйл» АҚ үлестес тұлғаларымен қарым-қатынасы туралы мәлімет:

Үлестес емес

8. Заңда белгіленген тәртіппен өтелмеген/өтелген соттылығы немесе алынбаған/алынған соттылығы туралы мәлімет (анықтама), сондай-ақ кандидатты соттың меншікке, экономикалық қызмет саласында немесе коммерциялық немесе өзге де ұйымдарда қызмет мүдделеріне қарсы қылмыстар жасағаны үшін кінәлі деп тануы туралы мәлімет және Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес көрсетілген

қылмыстарды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан босату туралы мәлімет:

Соттылығы жоқ

9. Директорлар кеңесіне ұсынуға кандидаттың келісімі туралы мәлімет:

Келісімі бар

10. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларын иелену:

Иелік етпейді

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне өз міндеттерін атқарғаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау туралы

«ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлері жалпы жиналысының күн тәртібін және ұсынылған материалдарды қарастыра отырып, «ҚазТрансОйл» АҚ Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

1. Белгіленсін:

1) «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жұмыскерлері болып табылмайтын «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың мынадай мөлшері:

тіркелген жылдық сыйақы:

А.М. Қасымбекке, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкіліне – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 18 000 000 (он сегіз миллион) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ долларына баламалы мөлшерде теңгемен;

Т.Г. Миллерге, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ доллары;

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесі комитеттерінің әрбір бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы:

А.М. Қасымбекке, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкіліне – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 450 000 (төрт жүз елу мың) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 1 000 (бір мың) АҚШ долларына баламалы мөлшерде теңгемен;

Т.Г. Миллерге, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 1 000 (бір мың) АҚШ доллары;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылар төлеу мен шығыстарын өтеу шарттары - олармен жасалатын шарттарға сәйкес.

2. «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы Б.Қ. Закиров осы шешімнің 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшелерімен тиісті шарттарға қол қойсын.

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2023 жылғы «__» _____
№ _____ шешімі жобасына
қосымша

«ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау мәселесі бойынша
«ҚазТрансОйл» АҚ-тың түсіндірме жазбасы

Астана қ.

2023 жылғы «__» _____

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау.

2. Экономикалық әсері

Қарастырылмаған.

3. Жүргізілген сараптама туралы ақпаратты аша отырып (қаржылық, заңдық, техникалық), Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселенің қысқаша сипаттамасы

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына және Қоғам Жарғысының 10-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау Қоғам Акционерлері жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатады.

Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысында Қоғам Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлауды назарға ала отырып, Қоғамның сайланатын директорларына олардың өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау ұсынылады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ (бұдан әрі – ҚМГ) Басқармасының 2021 жылғы 22 қаңтардағы шешімімен (№1 хаттама) бекітілген «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының Директорлар кеңестерін/Байқаушы кеңестерін қалыптастыру қағидаларына сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесінің комитеттеріне мүшелігі үшін тіркелген жылдық сыйақы және қосымша сыйақы төленеді. ҚМГ өкілдеріне сыйақының мөлшері мен шарттары ҚМГ уәкілетті органының шешімі негізінде айқындалады. Бұл ретте функционалдық міндеттеріне ҚМГ компанияларының Директорлар кеңестерінде ҚМГ мүдделерін білдіру үшін кіретін ҚМГ жұмыскерлеріне Директорлар кеңесіне мүшелік үшін сыйақы төленбейді. Директорлар кеңесінің мүшелеріне Директорлар кеңесі

мүшесінің тұрақты тұрғылықты жерінен тыс өткізілетін Директорлар кеңесінің, Директорлар кеңесі комитеттерінің отырыстарына және Директорлар кеңесінің төрағасы және/немесе ҚМГ Басқарма төрағасы бастамашылық жасаған кеңестерге шығуға байланысты шығыстар (жол жүру, тұру және тәуліктік) Қоғамның ішкі құжаттарында көзделген Қоғам бас директорына (Басқарма төрағасына) іссапар шығыстарын өтеу нормалары шегінде өтеледі.

Осыған байланысты ҚМГ 2023 жылғы 5 шілдедегі №23/5550 хатымен ҚМГ Директорлар кеңесінің 2023 жылғы 3 шілдедегі шешімінің негізінде (№14/2023 отырыс хаттамасы) А.М. Қасымбекке, Қ.Қ. Құсайыновқа және Т.Г. Миллерге сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын белгілеуді ұсынды. Айта кететін жай, Б.Қ. Закиров ҚМГ жұмыскері болып табылады, оның функционалдық міндеттеріне Қоғамның Директорлар кеңесінде ҚМГ мүддесін қорғау кіреді. Тиісінше, Б.Қ. Закировка сыйақы көзделмеген, ал оның Қоғам Директорлар кеңесіне мүше болуына байланысты шығыстарын өтеу ҚМГ қаражаты есебінен жүзеге асырылады. А.М. Қасымбек ҚМГ жұмыскері болып табылмайды.

Қоғам Жарғысының 11-бабы 3-тармағының 30) тармақшасына сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттары бойынша Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына ұсынымдарды дайындау Қоғам Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатады.

Ірі акционердің ұсынысын ескере отырып, Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен (2023 жылғы 14 шілдедегі №10/2023 отырыс хаттамасы) Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысына төмендегідей белгілеу ұсынылды:

1) ҚМГ жұмыскерлері болып табылмайтын Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың мынадай мөлшері:

тіркелген жылдық сыйақы:

А.М. Қасымбекке, ҚМГ өкіліне – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 18 000 000 (он сегіз миллион) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ долларына балама мөлшерде теңгемен;

Т.Г. Миллерге, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 80 000 (сексен мың) АҚШ доллары;

Қоғам Директорлар кеңесі комитеттерінің әрбір бас қосқан отырысына қатысқаны үшін қосымша сыйақы:

А.М. Қасымбекке, ҚМГ өкіліне – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан кейін 450 000 (төрт жүз елу мың) теңге;

Қ.Қ. Құсайыновқа, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті төлемдер ұсталғаннан

кейін 1 000 (бір мың) АҚШ долларына балама мөлшерде теңгемен;

Т.Г. Миллерге, тәуелсіз директорға – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салықтар мен басқа да міндетті аударымдар ұсталғаннан кейін 1 000 (бір мың) АҚШ доллары;

2) Қоғам Директорлар кеңесінің жоғарыда аталған мүшелеріне сыйақы төлеу және шығыстарын өтеу шарттары – олармен жасалатын шарттарға сәйкес.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Қоғам Директорлар кеңесінің сайланатын мүшелеріне өз міндеттерін орындағаны үшін сыйақылар төлеу және шығыстарын өтеу мөлшері мен шарттарын айқындау Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайда пайда болатын негізгі мәселелер, тәуекелдер, мүмкін болатын салдарлар

Аталған мәселе бойынша шешім қабылдау қандай да бір мәселелер мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

Директорлар кеңесінің мүшесі

**Т. Құрманбаев**

**«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының шешімі**

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының
Жарғысына толықтыру енгізу туралы**

«ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі - Қоғам) Акционерлерінің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселені және ұсынылған материалдарды қарап, Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысы **ШЕШТІ:**

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына толықтыру енгізілсін.

2. Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы) Т.Н. Құрманбаев:

1) осы шешімнің қосымшасына сәйкес «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Жарғысына енгізілетін толықтыруға қол қойсын;

2) осы шешімнен туындайтын өзге де қажетті шараларды белгіленген тәртіппен қабылдасын.

Жоба

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы
жиналысының
2023 жылғы «___» _____
шешіміне қосымша
(№ /2023 хаттама)

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы
жиналысының
2023 жылғы «___» _____
шешімімен енгізілді
(№ /2023 хаттама)

**«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының
Жарғысына толықтыру**

3-баптың 2-тармағы келесі мазмұндағы 24) тармақшамен
толықтырылсын:
«24) артық меншікті технологиялық мұнайды сату.».

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**

Т. Құрманбаев

«ҚазТрансОйл» АҚ
Акционерлері жалпы жиналысының
2023 жылғы «___» _____ № _____
шешімінің жобасына қосымша

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының
Жарғысына толықтыру енгізу туралы
мәселе бойынша түсіндірме жазба

Астана қ.

2023 жылғы «___» _____

1. Мақсаты мен міндеті

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына толықтыру енгізу туралы шешім қабылдау.

2. Экономикалық тиімділігі

Қоғамның Жарғысына оның қызметінің мәнін кеңейту бөлігінде толықтыру енгізу Қоғамға тиісті қызмет түрін жүзеге асыруға және ол бойынша табыс алуға мүмкіндік береді.

3. Акционерлер жалпы жиналысының қарауына шығарылатын мәселені жүргізілген (қаржылық, заңдық, техникалық) сараптама туралы ақпаратты аша отырып, қысқаша сипаттау

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 192-бабының 4-тармағына сәйкес өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу процентінен астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалар және олармен үлестес тұлғалар жүзеге асыратын қызмет түрлері кеңейтілген және (немесе) өзгертілген кезде монополияға қарсы органның келісімі қажет.

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Қоғамның 2023 жылғы 1 наурыздағы өтінішхатына Қоғамның келесі қызмет түрін жүзеге асыруына келісім берді (2023 жылғы 21 сәуірдегі №01-3-09/2515-ХР хат):

артық меншікті технологиялық мұнайды сату.

Қоғам қызметінің мәнін кеңейту қажеттілігі мыналарға байланысты.

Қоғам құрылған сәттен бастап ұзақ уақыт бойы Қоғамның магистральдық мұнай құбырлары жүйесінде өткізілетін және қабылданатын мұнай балансының қателігінен туындайтын артық мұнай пайда болды. Технологиялық мұнай ретінде кіріске алынған бұл артық мұнай Қоғамның резервуар парктеріндегі пайдалы сыйымдылықты шектейді, бұл мұнай

өндіруші компанияларға мұнай тасымалдау қызметтерін көрсетудің өндірістік процесіне теріс әсер етеді.

Көрсетілген жағымсыз салдарларды болдырмау үшін, сондай-ақ Қоғамның тұтынушылардың алдында мұнай тасымалдау жөніндегі өз міндеттемелерін тиісінше орындауы мақсатында жинақталған технологиялық мұнайдың артық мөлшерін уақытылы өткізу қажет. Осыған байланысты Қоғамның Жарғысына тиісті толықтыру енгізіледі.

«Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және Қоғамның Жарғысына сәйкес Қоғамның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қоғам Акционерлерінің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған. Осыған байланысты Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының қарауына Қоғамның Жарғысына толықтыру енгізу туралы мәселе шығарылады.

Қоғамның Жарғысына толықтыруды Қоғамның Басқармасы мен Директорлар кеңесі мақұлдады.

4. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкестігі

Қоғамның Жарғысына енгізілетін толықтыру Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейді.

5. Шешім қабылданған немесе қабылданбаған жағдайдағы негізгі проблемалар, тәуекелдер және мүмкін салдарлар

Қоғамның Жарғысына толықтыру енгізу туралы мәселе бойынша шешім қабылдау қандай-да бір проблемалар мен тәуекелдердің туындауына әкеп соқпайды.

**Бас директор
(Басқарма төрағасы)**



Т. Құрманбаев